

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғары кәсіптік білім)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЖАЛПЫ БӨЛІМ)

5В030100 «Құқықтану»
бакалавриат мамандығы бойынша

3 несие

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

«Құқық» мамандықтары тобының оқу-әдістемелік бірлестігінің рұқсатынсыз бұл бағдарламаны көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме жазба	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	7
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	38
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	67
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	77
VI. Типтік оқу бағдарламасының авторлары	86

I. Түсіндірме жазба

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Жалпы бөлім)» пәні заңи жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті оқу пәндерінің бірі болып табылады. Оның басқа оқу пәндерінің негізін қалайтын орнын анықтауда қазіргі қоғамдағы азаматтық заңнаманың маңызы себепші болады. Азаматтық заңнама нарықтық экономиканың берік негіздерін қалыптастыруға, жекелеп айтқанда «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында және елдің экономикалық дамуы және индустрияландыру мәселелері бойынша қазақстандық арманға жету жолы – Ұлт жоспарында қойылған міндеттерді сәтті іске асыруға бағытталған.

Азаматтық құқық ұлттық құқық жүйесінде қазақтандық жеке құқықтың түбегейлі негіздерін айқындап қана қоймай, кәсіпкерлік қызметті іске асыру нәтижесінде, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және т.б. айналымын азаматтық-құқықтық реттеу нәтижесінде қалыптасатын кең көлемдегі мүліктік және жеке мүліктік емес қоғамдық қатынастарды реттейтін жеке құқықтың «конституциясы» болып табылады. Азаматтық құқық пәнінің жеткілікті деңгейдегі кең ауқымы бұл құқық саласының басқа да түрлі отбасы, еңбек, әкімшілік, кәсіпкерлік құқық сияқты құқық салаларымен өзара қарым-қатынасын алдын ала айқындайды. Бұл көрсетілген құқық салаларының пәнінің де, құқықтық реттеу әдісінің де ұқсастығымен түсіндіріледі.

Жеке және жария құқықты ажырату мен олардың байланысы әрдайым қарапайым мәселе болған емес. Азаматтық құқық нормаларының диспозитивтігі туралы қанша айтсақ та, жеке құқық саласында заң шығарушы реттейтін қатынастардың қатысушыларының бастамашылығы мен дербестігін шектей келе, жалпыға міндетті, императивті ережелерді, соның ішінде тыйым салуларды қолдануға жиі мәжбүр болады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес азаматтық айналымға қатысатын бағалы қағаздардың барлық шоғырын Азаматтық кодексте белгілеу; мәмілелерді жарамсыз деп тану институтын жетілдіру; азаматтық құқық пен басқа құқық салаларының арасындағы арақатынасты жария-құқықтық және жеке-құқықтық мүдделерді ескере келе оңтайландыру; жеке құқықтың диспозитивтілігін кеңейту және т.б. сұрақтары бойынша азаматтық заңнаманы реформалау жүргізілуде.

Пәннің мақсаты: студенттердің жалпы кәсіби дайындығын күйшейту, сонымен қатар студенттерде азаматтық құқық мәселелері бойынша жүйелі және кешенді білімдерді қалыптастыру есебінен олардың мамандануын тереңдету.

Пәннің міндеттері: азаматтық құқықтың ең маңызды теориялық және тәжірибелік сұрақтарын қарастыру және болашақ мамандарды

құқықтық жағдайларды дербес талдау дағдысына және жеке-құқықтық сипаттағы қатынастардан туындайтын даулар бойынша заңи сауатты шешім қабылдау алып келу.

Пререквизиттер: Рим құқығы.

Постреквизиттер: Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Ерекше бөлім), Шарттық құқық, Міндеттемелік құқық.

«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Жалпы бөлім)» пәнін оқыған студенттер азаматтық құқық ғылымымен құрастырылған көзқарастар туралы, осы және өзге де сұрақтар бойынша теорияларды, бұл көзқарастарды бағалау мен үйрену дағдыларын қалыптастыруды; азаматтық заңнаманың қолданылу мәселелерін **білуі тиіс:**

Азаматтық құқық саласында алған білімдерін талдау мен жинақтауды, жеке құқық саласындағы сұрақтар мен құқықтық мәселелерді сәтті шешуді **игеруі тиіс.**

Пәнді оқыту үрдісі келесідей **құзыреттерді** қалыптастыруға бағытталған:

Жалпы мәдени құзыреттер (ЖҚ):

- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын жете түсіну, жеткілікті деңгейдегі кәсіби құқықтық санаға ие болу;
- кәсіби міндеттерді парасатты орындауға қабілетті болу, заңгердің әдеби қағидаттарын бұзбау;
- ойлау мәдениетін игеру, ақпаратты жинақтауға, талдауға, қабылдауға, мақсат қоя білу және оларға жету жолдарын таңдауға қабілетті болу;
- логикалық дұрыс, дәлелді және анық ауызша және жазбаша сөйлеуді құрастыруға қабілетті болу;
- жүріс-тұрыс мәдениетін игеру, әріптестерімен қауымдасуға, ұжымда жұмыс жасауға дайын болу;
- сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзуге болмайтын қатынаста болу, құқық пен заңға құрметпен қарау;
- өзін-өзі дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін көтеруге талпыну;
- әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдануға қабілетті болу;
- әлеуметтік маңызды мәселелер мен үрдістерді талдауға қабілетті болу;
- қазіргі ақпараттық қоғамды дамытуда ақпараттың мәні мен маңызын түсінуге, бұл үрдісте туындайтын қауіп пен қатерді түсінуге, ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтауға, оған қоса мемлекеттік құпияларды қорғауға қабілетті болу;
- ақпаратты алудың, қайта өңдеудің, сақтаудың, құралдары мен тәсілдерін, негізгі әдістерін игеру, ақпаратты басқару құралы ретіндегі компьютермен жұмыстың дағдыларына ие болу;

кәсіби құзыреттер (КҚ):

нормашығарушылық қызметте:

- өзінің кәсіби қызмет бағытына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді құрастыруға қатысуға қабілетті болу;

құқық қолдану қызметінде:

- дамыған құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті болу;

- құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауын қамтамасыз етуге қабілетті болу;

- заңға дәлме-дәл сәйкес келетін құқықтық әрекеттерді жасауға және шешімдерді қабылдауға қабілетті болу;

- кәсіби қызметте нормативтік құқықтық актілерді қолдануға, материалдық және процессуалдық құқық нормаларын іске асыруға қабілетті болу;

- фактілер мен мән-жайларды заңи дұрыс саралауға қабілетті болу;

- заңи құжаттарды дайындау дағдыларын игеру;

сараптау-консультациялық қызметте:

- нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заңи сараптама жасауға, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын ережелерді анықтау мақсатында қатысуға дайын болу;

- әр түрлі құқықтық актілерді түсіндіруге қабілетті болу;

- заңи қызметтің нақты түрлерінде білікті заңи қорытындылар мен кеңестер беруге қабілетті болу.

II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

№ 1-тақырып. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі, жүйесі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері.

1. Тақырыптың мазмұны

Азаматтық құқық құқық саласы ретінде. Азаматтық-құқықтық реттеудің пәні. Қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің әдісі. Азаматтық құқықтық міндеттері мен қағидаттары. Басқа іргелес құқық салаларынан азаматтық құқықтың шегін ашу. Құқық саласы ретіндегі азаматтық құқықтың жүйесі. Азаматтық құқық ғылым және оқу пәні ретінде. Азаматтық құқық ғылымындағы азаматтық-құқықтық реттеудің пәні мен әдісінің мәселелері. Азаматтық құқық ғылымының негізгі даму кезеңдері. Азаматтық құқық ғылымының міндеттері. Азаматтық құқық ғылымының өзге құқықтық ғылымдармен өзара байланысы. Жеке құқық дуализмі мәселелері. Азаматтық құқық және кәсіпкерлік құқық. Шет мемлекеттердің азаматтық құқығының жалпы сипаттамасы. Қазіргі заманның негізгі азаматтық-құқықтық жүйелері. Континенталдық жүйе. Англо-американдық жүйе. Азаматтық заңнама, азаматтық құқық нормалары мазмұндалған өзге де нормативтік құқықтық актілердің түсінігі. Азаматтық заңнама жүйесі.

ҚР Конституциясы азаматтық құқықтың негізі ретінде. ҚР азаматтық кодексі: жалпы сипаттамасы және құрылымы. ҚР АҚ мен өзге де заңнамалық актілердің арақатынасы. Іскерлік айналым дағдыларының азаматтық-құқықтық маңызы. Азаматтық құқықты аналогиясы (заң аналогиясы және құқық аналогиясы) бойынша қолдану. Азаматтық құқық нормалары және мораль мен адамгершілік нормаларының арақатынасы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының азаматтық құқықтық қатынастарды реттеудегі маңызы. Азаматтық заңнаманың уақытқа қарай, кеңістікке қарай және тұлғалар бойынша қолданылуы. Азаматтық заңнаманың қолданылуы. Диспозитивті және императивті азаматтық-құқықтық нормалар. Азаматтық заңдардың түсінілуі. Азаматтық заңнама және халықаралық жеке құқық нормалары. Азаматтық заңнамадағы жеке мен жарияның арақатынасы.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– шығармашылық мүмкіндікті пайдалануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі танытуға дайын болу.

– зерттеудің жаңа әдістерін дербес оқуға, кәсіби қызметтің ғылыми және ғылыми-өндірістік бағытын өзгертуге қабілетті болу.

– ғылыми, ғылыми-қолданбалы зерттеулерді, оқу үрдісін, аналитикалық қызметті ұйымдастыру үшін тереңдетілген маманданған теориялық білімдерді, тәжірибелік дағдылар мен икемдерді пайдалану.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– азаматтық құқықтың құқық саласы, ғылым және оқу пәні ретінде мәні мен маңызын;

– азаматтық құқық жүйесі мен азаматтық заңнаманы;

– азаматтық құқықты аналогия бойынша қолдануды;

– азаматтық заңнаманың уақыт бойынша, кеңістікте және тұлғалар шеңберінде әрекет етуін;

– азаматтық заңнамадағы жеке мен жарияның байланысын;

– Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің құрылымын **білуі тиіс.**

– тәжірибелік жағдайларды шешуде нормативтік құқықтық актілерді тәжірибеде қолдануға **қабілетті болуы тиіс.**

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение суда г. Астаны от 12.03.2010 г. по делу №2-1247/10 по иску Смайловой К.Б. к Скендерову М.Д. Постановление Кассационной судебной коллегии Акмолинского областного суда от 20.06.2013 г. по делу 2к-198/13 по кассационной жалобе ТОО «Золотой колос» на решение специализированного межрайонного экономического суда Акмолинской области от 21 сентября 2012 года, постановление апелляции судебной коллегии по гражданским и административным делам Акмолинского областного суда от 29 ноября 2012 года.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз. ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 5-24).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 4-57).

5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 18-124).

6. Гражданское право и предпринимательство: Материалы международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений) / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2012. (стр. 17-41).

7. Сулейменов М.К. Избранные труды по частному праву (2011-2016). Т. 1 / М.К. Сулейменов. Гражданское право. – Алматы, 2016. (стр. 126-162).

№ 2-тақырып. Азаматтық-құқықтық қатынас. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау.

1. Тақырыптың мазмұны

Азаматтық-құқықтық қатынастың түсінігі мен элементтері. Азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективті азаматтық құқықтардың түсінігі, мазмұны және түрлері. Азаматтық-құқықтық қатынастардағы заңи міндеттердің түсінігі, мазмұны және түрлері. Субъективті азаматтық құқық және құқыққа өкілеттілік. Азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері. Азаматтық құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттіліктің түсінігі мен арақатынасы. Құқық қабілеттілік пен субъективті азаматтық құқықтың өзара байланысы. Азаматтық-құқықтық қатынастардың жіктелуі. Құқықтық қатынастарды тоқтатылуы немесе өзгертілуі. Азаматтық-құқықтық қатынастардың туындау, өзгерту және тоқтату негіздері. Заңды фактілер және қанды құрамдар. Азаматтық құқық ғылымындағы заңды фактілердің жіктелуі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және азаматтық міндеттерді орындаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың шектері. Құқықты теріс пайдаланудың мәселесі. Бәсекелестікті шектеу мен нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдаланудың түсінігі. Құқықтарды жүзеге асырудағы азаматтық-құқықтық қатынастардың қатысушыларының парасаттылығы пен адалдығының түсінігі және презумпциясы. Азаматтық құқықтарды қорғаудан бас тарту және оның құқықтық салдары. Азаматтық құқықтарды қорғаудың түсінігі мен тәсілдері. Азаматтық құқықтарды қорғаудың жалпы және арнайы тәсілдері. Азаматтық құқық субъектісінің азаматтық құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының актісін жарамсыз деп тану. Залалдарды өтету: залалдардың элементтері, залалдарды өтету қағидаты. Моральдық зиянның өтемін төлету. Құқықты тану жолымен құқықты қорғау ерекшеліктері. Құқық бұзылғанға дейінгі қалыпқа келтіру, және құқықтарды бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттердің алдын алу. Мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының заңға қайшы келетін актілерін соттың қолданбауы. Міндеттерді заттай орындату. Бұзылған құқықты қорғаудың тәсілі ретінде айып төлеуді қолданудың шектері. Азаматтық құқықтарды қорғаудың юрисдикциялық және юрисдикциялық емес әдістері. Жалпы юрисдикция соттары мен мамандандырылған соттардағы азаматтық-құқықтық даулардың ведомстволығын бөлу. Төрелік соттың азаматтық құқықтарды қорғауы.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың әкімшілік тәртібі. Азаматтық құқықтарды өзін-өзі қорғау. Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– өзінің қызметін ұйымдастыру, типтік әдістер мен кәсіби міндеттерді орындаудың тәсілдерін таңдау, олардың тиімділігі мен сапасын бағалауды.

– кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіптік және жеке басын дамыту үшін ақпаратты пайдалану мен іздеуді жүзеге асыруды.

– құқықтық базаның үздіксіз өзгеруі жағдайына бейімделуді.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– азаматтық-құқықтық қатынастың мазмұнын;

– азаматтық-құқықтық қатынастың субъектілерін;

– азаматтық-құқықтық қатынастың жіктелуін;

– азаматтық құқықтарды жүзеге асыру шектерін;

– азаматтық құқықтарды қорғаудың түсінігі мен тәсілдерін **білуі**

тиіс.

– азаматтық-құқықтық қатынастың аясындағы заңи мәселелерді шешу мен талдауға **қабілетті болуы тиіс.**

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение суда г. Астаны от 12.06.2014 г. по делу № 2-3969/2014 по иску Радута Н.А. к Комарову В.В. Решение Павлодарского областного суда от 25.01.2016 г. по делу 2-19651/2015 по иску ТОО «Павлодарский хлебобулочный комбинат» к частному судебному исполнителю Павлодарского областного исполнительного округа Мухтар С.Б. Ответ Министерство финансов Республики Казахстан на вопрос от 26 ноября 2013 г. № 234905.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 58-84).

3. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.125-135, 671-718).

4. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 5-24).

5. Юридические факты как основания возникновения, изменения и прекращения гражданских правоотношений: Материалы международной научно-практической конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений) / Отв. ред. Сулейменов М.К. – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2016. (стр. 11-54).

№ 3-тақырып. Азаматтар азаматтық құқықтардың субъектілері ретінде

1. Тақырыптың мазмұны

«Азаматтар» мен «жеке тұлғалар» түсініктерінің арақатынасы. Азаматтардың құқық қабілеттілігі. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің туындау және тоқтатылу сәті. Азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұны. Азаматтардың есімі мен тұрғылықты жері азаматтық-құқықтық қатынастардағы дараландыру құралдары ретінде. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі мен әрекет қабілеттілігі бойынша азаматтардың категориялары. Азаматтардың толық әрекет қабілеттілігі. Эмансипация. Жас балалардың әрекет қабілеттілігі. Он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі. Азаматтардың әрекет қабілеттіліктерін шектеудің негіздері, тәртібі және шектері. Азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану. Қорғаншылық және қамқоршылық. Әрекетке қабілетті азаматтарға патронаж. Кәсіпкерлік қызметтің түсінігі мен белгілері. Дара кәсіпкердің азаматтық-құқықтық мәртебесі. Дара кәсіпкердің дәрменсіздігі (банкроттығы). Азаматтың мүлкінен ақы өндіріп алу.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– іскерлік әдепті, мәдениет пен тілдесудің психологиялық негіздерін, тәртіптің нормасы мен ережелерін сақтауы.

– құқықтық базаның үздіксіз өзгеруі жағдайына бейімделу.

– ғылыми, ғылыми-қолданбалы зерттеулерді, оқу үрдісін, аналитикалық қызметті ұйымдастыру үшін тереңдетілген маманданған теориялық білімдерді, тәжірибелік дағдылар мен икемдерді пайдалану.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– «азаматтар» және «жеке тұлғалар» ұғымдарының арақатынасын;

– азаматтардың құқық қабілеттілігінің мазмұнын;

– азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі мен азаматтардың әрекет қабілеттілігінің категорияларын;

– азаматтардың әрекет қабілеттілігін шектеудің негіздерін, тәртібі мен шектерін;

– азаматтардың кәсіпкерлік қызметінің түсінігі мен белгілерін білуі тиіс.

– азаматтық-құқықтық тақырыптар бойынша өзінің көзқарасын негіздеуді, логикалық және сауатты жеткізуге қабілетті болуы тиіс.

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение Бостандыкского районного суда г. Алматы от 10.04.2012 г. по делу № 2-1246/2012 по иску Вихлянцевой О.С. к Щенсному Б.Е., Махамбетяровой С.А., Метлюшкиной Т.Н., нотариусу Асановой Н.А., нотариусу Манапову Т.М., нотариусу Шолпанбаевой Г.Д., Департаменту юстиции г. Алматы. Определение Апелляционной судебной коллегии Павлодарского областного суда от 13.05.2010 г. по делу № 2а 704 по частной жалобе ответчика на определение Павлодарского городского суда от 13 апреля 2010 года. Решение Апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Алматинского городского суда от 25.12.2012 г. по делу № 2а-7271/2012 по жалобе истца на решение районного суда №2 Алмалинского района г. Алматы от 11 сентября 2012 года.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 ж. 29 қазандағы № 375-V.

3. Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы» 1995 ж. 19 маусымдағы Заңы

4. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 25-30).

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 85-119).

6. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.136-158).

№ 4-тақырып. Занды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде. Мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс азаматтық құқық субъектілері ретінде.

1. Тақырыптың мазмұны

Занды тұлғаның түсінігі мен белгілері. Занды тұлға институтының маңызы. Занды тұлғаның теориялары. Занды тұлғаның жалпы және арнайы құқық субъектілігі. Занды тұлғаны дараландыру: атауы, тұрған жері, тауар белгісі және қызмет көрсету белгісі, тауардың шығарылған жерінің атауы. Занды тұлғаның өкілдіктері мен филиалдары. Еншілес және тәуелді заңды тұлғалар. Занды тұлғалардың жіктелуі.

Коммерциялық ұйымдар және олардың түрлері. Шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар. Өндірістік кооперативтер. Мемлекеттік кәсіпорындар. Коммерциялық емес ұйымдар: жалпы сипаттамасы және түрлері. Тұтыну кооперативтері. Қорлар. Мекемелер. Қоғамдық және діни бірлестіктер. Қазақстандағы дербес коммерциялық емес ұйымдар. Заңды тұлғалардың бірлестігі (ассоциациялар мен одақтар). Заңды тұлғаларды құру. Заңды тұлғаларды олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарай құру тәртібі мен тәсілдері. Құрылтай құжаттары. Заңды тұлғаның жарғылық капиталы және құрылтайшылардың үлесі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу: мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар, мемлекеттік тіркеудің тәртібі. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту негіздері. Заңды тұлғалардың қызметтері лицензиялау. Лицензиялайтын қызмет түрлері. Заңды тұлғаларды тоқтату. Заңды тұлғалардың қызметін тоқтату тәсілдері. Заңды тұлғаларды қайта құру, қайта құру нысандары (түрлері). Өткізу актісі және бөлу балансы. Заңды тұлғаларды қайта құру кезіндегі құқықтық сирасқорлық. Заңды тұлғаны қайта құру кезіндегі несие берушілердің құқықтарының кепілдігі. Заңды тұлғаны тарату. Тарату негіздері мен тәртібі. Тарату комиссиясының (ликвидатор) қызметі. Заңды тұлғаны тарату кезіндегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру тәртібі. Заңды тұлғаны дәрменсіз (банкрот) деп тану. Заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заңнама. Банкроттықтың түсінігі мен белгілері. Дәрменсіз (банкрот) деп танылмайтын заңды тұлғалар. Банкроттық туралы істерді қарау. Банкроттық рәсімдері. Оңалту және конкурстық басқарушылар: құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі. Сырттай байқау: мақсаты, тәртібі, мерзімі және байқау салдары. Борышқордың төлем қабілеттілігін қалыпқа келтіру шаралары. Конкурстық өндіріс: мақсаты, тәртібі, мерзімі және енгізу салдары. Конкурстық масса. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру кезектілігі. Банкроттықтың оңайлатылған рәсімдері. Жоқ борышкердің банкроттығы. Заңды тұлғаны банкрот деп танудың салдары. Азаматтық-құқықтық қатынастар аясындағы жария құқықтың субъектісі ретіндегі мемлекеттің құқық субъектілігінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Әкімшілік-аумақтық бөліністердің азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Мемлекеттің заттық-құқықтық қатынастарға қатысуы. Мемлекеттің міндеттемелік-құқықтық қатынастарға қатысуы. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттемелері бойынша ақы өндіріп алу.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– қоғам игілігі үшін жұмыс жасауға талпыну ептілігін.

– табиғаттың, қоғамның даму заңдарын білуі, ойлау мен бұл білімдерді кәсіби қызметте қолдану қабілетін; әлеуметтік маңызды құбылыстарды, оқиғаларды, үрдістерді талдау мен бағалау қабілетін; теориялық және эксперименттік зерттеудің, сандық талдау мен үлгілеудің негізгі әдістерін игеру ептілігін.

– ақпаратты сыни бағалауды, ақпаратты жинақтау негізінде сындарлы шешім қабылдауды және жинақталған тәжірибені қайта бағалау ептілігін.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– заңды тұлғаның түсінігі мен белгілерін;

– заңды тұлғалардың жіктелуін;

– заңды тұлғаларды олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарай құрылу тәртібі мен тәсілдерін;

– заңды тұлғалардың қызметін тоқтату тәсілдерін;

– банкроттықтың түсінігі мен белгілерін;

– азаматтық-құқықтық қатынастар аясындағы жария биліктің иесі ретіндегі мемлекеттің құқық субъектілігінің ерекшеліктерін **білуі тиіс**.

– азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілеріне құқықтық көмек көрсетуге **қабілетті болуы тиіс**.

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Заңды тұлғаның жалғандық теориясы. Заңды тұлғаның органикалық теориясы. Ответ Комитета государственных доходов Министерства финансов на вопрос от 19 июля 2016 г. № 442402. Решение СМЭС Актюбинской области от 14.01.2016 г. по делу № 2-3416/15 по иску филиала РГП «Национальный центр экспертизы» к ИП Кульниязовой Б. Решение СМЭС г. Астаны от 27.08.2012 г. по делу №02-5368-12 по иску ИП «Центр Арт-терапии «ОкеанАрт» Жаннырова Т.С. к ООО «Творческий Центр Арт-терапии «ОкеанАрт». Определение Апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Алматинского городского суда от 14.08.2013 г. по делу №2а-4925-2013 по заявлению ТОО «BASE. МК» и его дочернего предприятия ТОО «Д-Алтын» о признании несостоятельного должника банкротом, поступившее по апелляционному протесту прокурора на решение специализированного межрайонного экономического суда г. Алматы от 21.06.2013 г.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 ж. 29 қазандағы № 375-V.

3. Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 ж. 2 мамырдағы № 2255.

4. Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 ж. 22 сәуірдегі № 220-І Заңы.

5. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 ж. 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңы.

6. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 ж. 1 наурыздағы № 413-ІV Заңы.

7. Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 ж. 16 қаңтардағы № 142-ІІ Заңы.

8. Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» № 176-V Заңы.

9. Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 ж. 17 сәуірдегі № 2198 Заңы.

10. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 2 Нормативтік Қаулысы.

11. Акционерлік қоғамдар жөніндегі заңнаманы қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 8 Нормативтік қаулысы.

12. Оңалту және банкроттық туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 5 нормативтік қаулысы.

13. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 31-55).

14. Климкин С.И. Товарищество с ограниченной ответственностью: Комментарий к Закону РК от 22 апреля 1998 года. – 2-е изд., испр. и доп. / С.И. Климкин. - Алматы: Юрист, 2016. (стр. 7-22).

15. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 120-248).

16. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.159-422).

№ 5-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері

1. Тақырыптың мазмұны

Азаматтық құқықтардың объектілерінің түсінігі мен түрлері. «Мүлік» категориясы азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Ақпарат

(соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпия) азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Жұмыстар мен қызметтердің нәтижесі азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Мүліктік емес игіліктер. Интеллектуалдық меншік. Осы объектілердің айналым қабілеттілігіне қарай азаматтық құқықтардың объектілерінің түрлері. Заттардың түсінігі мен заңи жіктелуі. Жеке-дара және тектік белгілерімен анықталған заттар. Тұтынылатын және тұтынылмайтын заттар. Адамның еңбегінен туындаған заттар және табиғи туындаған заттар. Жеке, отбасы, тұрмыста пайдалануға арналған заттар және кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналған заттар. Бөлінетін және бөлінбейтін заттар. Күрделі және жай заттар. Басты зат және керек-жарақ. Жемістер, азық-түлік және табыстар. Жанды және жансыз заттар. Жылжымайтын және жылжитын мүлік. Жылжымайтын мүлік түрлері және жылжымайтын мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері. Жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтарды мемлекеттік тіркеу. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар. Ақша (валюта). Валюталық құндылықтар. Бағалы қағаздар азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Бағалы қағаздардың жіктелуі. Бағалы қағаздар бойынша құқықтарды беру. Индоссамент, аваль. Бағалы қағаздардың түрлері. Вексель, оның түрлері, вексель бойынша төлем жүргізу тәртібі. Вексель наразылығы. Банктік депозит сертификаты облигация. Акция, акциялардың жіктелуі. Чек. Коносамент. Қос қойма куәлігі және жай қойма куәлігі. Опцион. Ипотекалық бағалы қағаздар. Мүліктік емес игіліктердің түсінігі, белгілері және түрлері. Мүліктік емес игіліктерді қорғау. Ар-намысты, абыройды, іскерлік беделді қорғау ерекшеліктері. Моральдық зиянның түсінігі. Моральдық зиянды өндірудің қағидаттары.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– дербес, шығармашылық жұмыстар дағдысын игеру; өз еңбегін ұйымдастыру ептілігін; жаңа идеялар туғызу қабілеттілігі, оларды іске асыру тәсілдерін табуды;

– елдің құқықтық жүйесіне еркін бейімделу қабілетін.

– құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– азаматтық құқықтардың объектілерінің түсінігі мен түрлерін;

– заттардың түсінігі мен заңи жіктелуін;

– жылжымайтын мүліктердің түрлерін және жылжымайтын мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктерін;

– бағалы қағаздардың түсінігі мен түрлерін;

– азаматтық құқықтардың объектісі ретіндегі ақшаның түсінігін;

– мүліктік емес игіліктердің түсінігін, белгілері мен түрлерін **білуі тиіс.**

– азаматтық құқық саласында алынған білімдерін жинақтау мен талдауға, азаматтық құқықтардың объектілері саласындағы сұрақтар мен құқықтық мәселелерді сәтті шешуге қабілетті болуы **тиіс.**

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение Чингирлауского районного суда Западно-Казахстанской области от 28.03.2016 г. по делу № 2766-16-00-2/57 по иску ТОО «ФА» «Альянс Финанс» к Исмагуловой А.Ж. Решение Атбасарского районного суда Акмолинской области от 20.01.2015 г. по делу № 2-69/2015 по заявлению Акимата Атбасарского района о признании бесхозяйной линии уличного освещения в городе Атбасар по улице Виденеева и признании на нее права коммунальной собственности Атбасарского района. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 28 марта 2012 г. № 5665. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 20 мая 2014 г. № 27080. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 4 августа 2014 г. № 285058.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы» 2007 ж. 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

3. Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 ж. 2 шілдедегі № 461-II Заңы.

4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 ж. 1 наурыздағы № 413-IV Заңы.

5. Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 ж. 26 шілдедегі № 456 Заңы.

6. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 56-72).

7. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 249-297).

8. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 423-616).

9. Сулейменов М.К. Гражданское право РК: опыт теоретического исследования. Том 3. Часть 2. Теоретическая. Раздел 2. Гражданское правоотношение. – Алматы, 2016. (стр. 141-206).

№ 6-тақырып. Мәмілелер

1. Тақырыптың мазмұны

Мәмілелердің түсінігі. Мәміленің, шарттың, міндеттеменің арақатынасы. Мәмілелердің түрлері. Бір жақты мәмілелер. Екі жақты және көпжақты мәмілелер (шарттар). Реалды, консенсуалды, мерзімді, мерзімсіз, шартты және шартсыз, ақылы және ақысыз, сенімге негізделген мәмілелер. Биржалық мәміленің ерекшеліктері. Мәмілелердің жарамдылығының шарттары. Мәміленің қатысушыларының әрекет қабілеттілігі. Мәміленің нысанын ұстану. Мәміленің мазмұнының заңдылығы. Мәміле жасасу кезіндегі ішкі ерік пен сыртқы ерік білдірудің тұтастығы. Мәмілілердің нысандары. Ауызша жасалатын мәмілелер. Жай жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер. Мәміленің жай жазбаша нысанын сақтамау салдары. Заңға сәйкес міндетті нотариалды нысанды талап ететін мәмілелер. Мәміленің міндетті нотариалды нысанын сақтамау салдары. Мәмілелерді мемлекеттік тіркеу және мәмілелердің тіркелуі туралы заң талаптарын бұзу салдары. Мәміленің жарамсыздығы: түсінігі және заи салдары. Жарамсыз мәмілелердің түрлері. Мәміленің бір бөлігінің жарамсыздығының салдары. Жарамсыз мәмілелер бойынша талап қою мерзімдері. Жалған және қулықпен жасалатын мәмілелер. Әрекетке қабілетсіз тұлғалардың, жас балалардың мәмілелері. Заңды тұлғалардың олардың құқық қабілеттілігінің шегінен, және мәміле жасауға өкілеттілік шегінен шығып жасаған мәмілелері. 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың және әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлғалардың мәмілелері. Елеулі мәні бар жаңылысу салдарынан жасалған мәмілелер. Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілелер, кіріптарлық мәмілелер. Мазмұны заңнама талаптары мен өзге де құқықтық актілерге сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздері мен адамгершілікке қайшы келетін мақсатпен жасалған мәмілелер.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– зерттеу жұмыстарын құрастыру мен идеяларды қолдануға айрықша кірісу мүмкіндігін беретін пәннің мазмұнын түсіну мен тереңдетілген білімдерді көрсетуді.

– әлеуметтік және этикалық жауаптылықты ескере келе толық емес немесе шектелген ақпараттың негізінде білімдерді біріктіру және мәмілелердің қиын мәселелерін орындап шығуды.

– өз қорытындыларын, пайдаланылған білімдері мен негіздемелерін мамандар мен маман еместерге анық және қайшылықсыз баяндауды.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– мәмілелердің түсінігі мен түрлерін;

- мәмілелердің жарамдылығының шарттарын;
- мәмілелердің нысанын;
- мәмілелердің жарамсыздығы: түсінігі және заңи салдарын;
- жарамсыз мәмілелер бойынша талап қою мерзімдерін;
- мәмілелерді жасау кезіндегі ішкі ерік пен сыртқы ерік білдірудің тұтастығын **білуі тиіс**.

– азаматтық-құқықтық мәміле жасауды; тәжірибеде мәмілелермен тәжірибелік жағдаяттарды шешу кезінде нормативтік құқықтық актілерді қолдануға **қабілетті болуы тиіс**.

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение Суда № 2 города Актау от 27.08.2011 г. по делу №2-4152/6-11 по иску Амирова Ж.Ш. к Амирову Ж.Ш. о взыскании долга по расписке, и по встречному иску Амирова Ж.Ш. к Амирову Ж.Ш. о признании сделки недействительной. Решение Шахтинского городского суда от 07.08.2013 г. по делу №2-1- 2176 по исковому заявлению Бринц В.А. к Гутовой С.И. о признании сделки купли-продажи действительной и признании право собственности на недвижимое имущество. Постановление Надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 21.11.2012 г. по делу Згп-997-12 по ходатайству Баимбетова Н.Н. о пересмотре в порядке судебного надзора решения Кокшетауского городского суда от 02 февраля 2012 года, постановления апелляционной судебной коллегии Акмолинского областного суда от 15 мая 2012 года и постановления кассационной судебной коллегии Акмолинского областного суда от 05 июля 2012 года.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысы

3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 72-83).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 298-339).

5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 630-670).

6. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 45. Үлгі. Сборник судебных актов по недействительным сделкам / Под ред.: Мами К.А., Диденко А.Г. – Алматы: Раритет, 2016. (стр. 5-38).

№ 7-тақырып. Өкілдік. Сенімхат. Мерзімдер. Талап қою мерзімі

1. Тақырыптың мазмұны

Өкілдіктің түсінігі, маңызы және қолданылу аясы. Өкілдіктің түрлері. Өкіл бола алмайтын тұлғалар. Заңды өкілдіктің ерекшеліктері. Шартты (ерікті) өкілдік. Коммерциялық өкілдік. Оның өкілеттігі және белгілеу тәсілдері. Мәміле жасауға өкілеттігін асыра пайдаланып және мәміле жасауға уәкілдік берілмеген тұлғаның жасаған мәмілесі. Сенімхаттың түсінігі, түрлері және әрекет ету мерзімі. Сенімхаттың нысаны. Міндетті нотариалды нысанды талап ететін сенімхаттар және нотариалды куәландырылғандарға теңестірілген сенімхаттар. Заңды тұлғаның атынан берілген сенімхаттың нысаны. Сенімнің ауысуы. Сенімхаттың тоқтатылуы және оның тоқтатылуының салдары. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі, маңызы және заңи табиғаты. Мерзімдердің түрлері және заңи маңызы. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және міндеттердің орындау мерзімдері. Бұлтартпау мерзімдері. Кінәраттық, кепілдік мерзімдері және қызмет ету (жарамдылық) мерзімдері. Иелену мерзімі және оның талап қою мерзімімен байланысы. Мерзімдерді анықтау, оларды есептеу тәртібі. Азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері. Талап қою мерзімінің түсінігі және маңызы. Талап қою мерзімдерінің ережелерін қолдану. Талап қою мерзімдерінің түрлері: жалпы және арнайы. Талап қою мерзімі қолданылмайтын талаптар. Талап қою мерзімінің өтуінің басталуы. Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұру. Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұратын мән-жайлар. Талап қою мерзімін қалпына келтірудегі мерзімдерді есептеу тәртібі. Талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс. Талап қою мерзімін қалпына келтіру. Талап қою мерзімін қалпына келтіруде ескерілетін мән-жайлар. Талап қою мерзімінің өтіп кету салдары. Талап қою мерзімінің қосымша талаптарға қолданылуы.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– өкілдік, сенімхат және талап қою мерзімдері сұрақтары бойынша азаматтық-құқықтық мәселелерді шешу үшін өзінің білімдері мен түсініктерін қолдануды.

– құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.

– өз қорытындыларын, пайдаланылған білімдері мен негіздемелерін мамандар мен маман еместерге анық және қайшылықсыз баяндауды.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

- өкілдіктің түсінігі мен түрлерін;
- заңды, шарттық және коммерциялық өкілдіктің ерекшеліктерін;
- сенімхаттың түсінігін, түрлері мен әрекет ету мерзімін;
- сенімхаттың тоқтатылуын және оның тоқтатылу салдарын;
- азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігін, маңызы мен заңды табиғатын;
- азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдерін **білуі тиіс.**
- өкілдік пен азаматтық құқықтарды қорғау мерзімдері (талап қою мерзімі) аясындағы заңды мәселелерді шешу мен талдауды **игеруі тиіс.**

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Решение Сарыаркинского районного суда города Астаны от 14.11.2013 г. по делу № 2-7162/2013 по иску Мусина К.Н. к Карамурзаевой Б.Ж., Сабралиеву Кабылету К.М. о признании сделок (доверенностей) недействительными. Постановление Кассационной судебной коллегии Восточно-Казахстанского областного суда от 19.01.2015 г. по делу 2к-11-15 по иску Акжолова Серика к АО «Компания по страхованию жизни «Государственная аннуитетная компания», АО «Нефтяная страховая компания», ТОО «Казцинк» о возмещении вреда здоровью, поступившее по кассационной жалобе ответчика АО «Нефтяная страховая компания» на постановление апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Восточно-Казахстанского областного суда от 11 ноября 2014 года. Решение СМЭС г. Астаны от 26.05.2014 г. по делу № 2-4057-14 по иску АО «Народный Банк Казахстана» к ТОО «АСТАНА БЕТОН - НТ», АО «Окан Холдинг Аноним Ширкети» (OKAN HOLDING A.S.), ТОО «Байтерек-НТ» и ТОО «Okan Constructio» о солидарном взыскании суммы долга по договорам займа и судебных расходов и встречным искам АО «Окан Холдинг Аноним Ширкети» (OKAN HOLDING A.S.), ТОО «Okan Constructio» (Окан Констракшн), ТОО «Байтерек-НТ» к АО «Народный Банк Казахстана» о признании гарантий прекратившими обязательства.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 539-575).

3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 84-99).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 340-369).

5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.719-757).

6. Сулейменов М.К. Гражданское право РК: опыт теоретического исследования. Том 2. Часть 2. Теоретическая. Раздел 1. Общие проблемы гражданского права. – Алматы, 2016. (стр. 383-427).

№ 8-тақырып. Заттық құқықтар. Меншік құқығы. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың туындауы және тоқтатылуы.

1. Тақырыптың мазмұны

Заттық құқық азаматтық құқықтың салашығы ретінде. Заттық құқықтардың түсінігі және мазмұны. Заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасы. Заттық құқықтардың жіктелуі. Кепіл мен жалдауды заттық құқықтарға жатқызу мәселелері. Иелену заттық құқық ретінде. Меншік экономикалық категория ретінде. Меншік құқығының түсінігі объективті азаматтық құқық ретінде. Меншік иесінің өкілеттіктері, олардың мазмұны және жүзеге асыру мен қорғау шектері. Меншік иесінің ауыртпалықтары. Меншік құқығының мерзімсіздігі. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша меншік нысандары. Жеке меншік құқығы. Мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру. Мемлекеттік меншік құқығы. Республикалық және коммуналдық меншік. Меншік құқығының объектілері мен субъектілері. Азаматтық құқықтың жария субъектілерінің меншік құқығының ерекшеліктері. Меншік құқығына ие болу. Меншік құқығының пайда туындауының бастапқы тәсілдері. Жаңа затты дайындау. Өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын алу. Өңдеу. Жинауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру. Олжаға меншік құқығын алу шарттары. Көмбе. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малға немесе басқа да үй жануарларына меншік құқығын алу. Меншік иесі жоқ жылжитын заттарға меншік құқығын алу. Иелену мерзімі. Жемістер мен табыстарға меншік құқығы. Пәтер, гараж үшін үлестерді толық төлеу. Меншік құқығының туындауының туынды тәсілдері. Шарт бойынша алушының меншік құқығы пайда болатын кез. Заттардың берілуі. Мүліктің кездейсоқ жойылу және бүліну тәуекелі. Меншік құқығының тоқтатылу негіздері. Меншік құқығын ерікті және мәжбүрлеп тоқтату. Меншік иесінің еркімен меншік құқығын тоқтату. Меншік құқығынан бас тарту. Заттың қирауына немесе жойылуына байланысты меншік құқығының тоқтатылуы. Меншік иесінен оған тиесілі мүлікті мәжбүрлеп алу. Ірі бағалы заттарды сатып алу. Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлкінен ақы өндіріп алу. Заң

құжаттарына сәйкес бұл тұлғаға тиесілі бола алмайтын мүлікті иеліктен айыру. Жер учаскесін алып қоюға байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру. Реквизиция және тәркілеу. Мемлекет меншігіне алып қою. Үлесті меншік қатысушысына ортақ мүліктегі оған тиесілі бөліктің орнына өтем төлеу. Жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін сатып алу. Мәжбүрлеп тоқтатудың өзге де тәсілдері. Тұрғын үй-жайға меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Тұрғын үй-жайдың меншік иесінің отбасы мүшелерінің тұрғын үй-жайды пайдалану құқығы. Жер учаскесі меншік құқығының объектісі ретінде.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты студенттер игергеннен кейінгі құзыреттермен байланысы

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент келесідей құзыреттерді игеруі тиіс:

– меншік құқығының сұрақтары бойынша азаматтық-құқықтық реттеу мәселелерін шешу үшін өзінің білімдері мен түсініктерін қолдануды.

– құқық нормаларын дұрыс қолдану ептілігін.

– ақпаратты сыни бағалауды, ақпаратты жинақтау негізінде сындарлы шешім қабылдауды және жинақталған тәжірибені қайта бағалау; өз мүмкіндіктерін сыни талдауға қабілетті болу ептілігін.

Осы тақырыпты игеру нәтижесінде студент:

– заттық құқықтардың түсінігі мен мазмұнын;

– заттық және міндеттемелік құқықтардың салыстырмалы сипаттамасын;

– меншік құқығының түсінігін;

– меншік иесінің өкілеттігін, оның мазмұнын және жүзеге асыру мен қорғау шектерін;

– меншік құқығының пайда болу негіздерін;

– меншік құқығының пайда болу негіздерін **білуі тиіс.**

– меншік құқығының туындау және тоқтатылу мәселелері бойынша өзінің көзқарасын негіздеуді, логикалық және сауатты жеткізуді **игеруі тиіс.**

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі

Ответ Министерства национальной экономики Республики Казахстан на вопрос от 22 января 2016 г. № 305175. Ответ Министерства юстиции Республики Казахстан на вопрос от 6 января 2012 г. № 4807. Постановление Апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Восточно-Казахстанского областного суда от 20.03.2015 г. по делу 2а -798/15 по иску Григорьевой В.И. к Григорьеву С.В., Управлению финансов ВКО, Департаменту юстиции ВКО об освобождении имущества от арестов, поступившее по апелляционной жалобе истца на решение Усть-Каменогорского городского суда Восточно-Казахстанской области от 12 февраля 2015 года. Решение

Атырауского городского суда от 08.06.2016 г. по делу №2310-16-00-2/3294 по иску Жумашевой Д.Т. к Жумашеву Б.Т. о выселении. Решение Таразского городского суда Жамбылской области от 04.04.2012 г. по делу №2-1193-12 по иску Рахманбердиева Мурата Джолдыбековича к АО «Дочерняя ипотечная организация АО «БТА Банк» «БТА Ипотека», ЖФ АО «Дочерняя ипотечная организация АО «БТА Банк» «БТА Ипотека», Оразбаеву Ержану Маратовичу, третьему лицу - Департаменту юстиции Жамбылской области о признании торгов, свидетельства о приобретении заложенного имущества, договора о передаче недвижимого имущества и их регистрации недействительными, по иску АО «Дочерняя ипотечная организация АО «БТА Банк» «БТА Ипотека» к Дуйсени (Байкуловой) Индире, Рахманбердиевой К.Ж. о выселении из квартиры и взыскании суммы задолженности.

4. Ұсынылатын әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесімен 1994 ж. 27 желтоқсанда қабылданған.

1. Азаматтық құқық объектілерінің түсінігі мен негізгі түрлері.

2. Объектілерді жіктеу:

- олардың айналым қабілеттілігі бойынша;
- жеке-даралау дәрежесі бойынша;
- олардың бөлінуі бойынша;
- олардың тұтынуы бойынша;
- мәнінің дәрежесі (деңгейі) бойынша;
- күрделілігі бойынша.

3. Азаматтық құқықтық жеке объектілері:

- қызметтер және басқа да әрекеттер;
- интеллектуалдық меншік объектілері;
- бағалы қағаздар мен ақша;
- жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Кешенді мал шаруашылығы бар бірлестігінің шарты бойынша соңғысы бірлестікке 50 бас бұзау және 60 торайларды жеткізуге міндеттенді. Кешенді директордың нұсқауы бойынша жануарларды алып кеткенге дейін бір күн бұрын торайлар таңдалып алынған болатын және жеке ғимаратта жабық болды. Торайлар тұрған ғимараттарға найзағай түсіп өртенеді, нәтижесінде барлық 50 торай қырылады.

Осы орайда, мал шаруашылығы кешені бірлестікке тек 60 бұзау беруге дайын болды, ал торайларды беруден бас тартты және өзіндегі қалған торайларды шошқаларды молайту және көбейту үшін өзіне қажет екенін негізге алды.

Бірлестік сотқа жүгінді.

Сот қандай шешім қабылдауы керек? Осы дауды шешу кезінде заттарды жіктеудің қайсысы қолданылады?

№ 2. Ерлі-зайыптылардың арасында некені бұзуына байланысты Корнилов бірлескен сатып алынған мүлікті бөлу туралы дау туды. Андрей Корнилов жиһаздар, үстелдер мен шай жиынтықтары, көркем кітапхана және басқа да мүліктерден тұратын барлық мүліктің олардың құндылықтарына байланысты бірдей бөлінуін талап етті. Елена Корнилова мұндай мүліктерді айтқандай етіп бөлуге қарсылық білдіріп, заттардың құнсыздануы орын алатын айтты, және Корниловқа жиһаз жинағын алуын, ал үстел мен шай жиынтықтарын өзіне қалдыруды ұсынды. Кітаптарға келетін болсақ, ол оларды авторлардың шығармалар жинақтарына қарай бөлуге келісті. Сонымен бірге ол А.С. Пушкиннің шығармаларының толық жинағынан, оның ішінде жарияланған хаттарын беруді сұрады. .

Келген дауды шешуде заттардың қандай жіктелуі ескерілуі керек және егер бұл іс сотқа жіберілсе, бұл мүлікті қалай бөлу керек?

№ 3. Ерлі-зайыптылардың арасында некені бұзуына байланысты Корнилов бірлескен сатып алынған мүлікті бөлу туралы дау туды. Андрей Корнилов жиһаздар, үстелдер мен шай жиынтықтары, көркем кітапхана және басқа да мүліктерден тұратын барлық мүліктің олардың құндылықтарына байланысты бірдей бөлінуін талап етті. Елена Корнилова мұндай мүліктерді айтқандай етіп бөлуге қарсылық білдіріп, заттардың құнсыздануы орын алатын айтты, және Корниловқа жиһаз жинағын алуын, ал үстел мен шай жиынтықтарын өзіне қалдыруды ұсынды. Кітаптарға келетін болсақ, ол оларды авторлардың шығармалар жинақтарына қарай бөлуге келісті. Сонымен бірге ол А.С. Пушкиннің шығармаларының толық жинағынан, оның ішінде жарияланған хаттарын беруді сұрады. .

Келген дауды шешуде заттардың қандай жіктелуі ескерілуі керек және егер бұл іс сотқа жіберілсе, бұл мүлікті қалай бөлу керек?

№ 4. Невский даңғылындағы өз суреттерін сатып отырған суретшілерден сатып алушылардың бірі Неваның көпірінің суретін таңдады. Суретті буып-түю кезінде суретші сатып алушыға суреттің жалғыз көшірмесін бергенін және бейнеленген суреттері үшін сатып алушының пәтеріне келу керектігін ескертті. Сатып алушы суретшінің талаптарының заңдылығына күмән келтірді, себебі ол суреттің иесіне айналады және суретші суретке барлық құқықтарын жоғалтады.

Құқықтық кеңес алу үшін сатушыға және сатып алушыға қандай түсініктеме берілуге тиіс? Азаматтық құқықтың материалдық және материалдық емес объектілері арасындағы

айырмашылық қандай? Азаматтық құқықтар объектілері ретінде зияткерлік қызметтің нәтижесі қандай?

6. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

3. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II Заңы.

4. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы.

5. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі № 456-I Заңы.

6. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 56-72).

7. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 249-297).

8. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 423-616).

9. Сулейменов М.К. Гражданское право РК: опыт теоретического исследования. Том 3. Часть 2. Теоретическая. Раздел 2. Гражданское правоотношение. – Алматы, 2016. (стр. 141-206).

№ 6 тақырып. Мәмілелер

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Мәміле түсінігі және олардың азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу негіздерінің жүйеде алатын орны.

2. Мәміленің түрлері:

- қатысушалардың саны бойынша;
- бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса;
- құқықтар мен міндеттер туындаған кезде;
- мәміле оның құқықтық негізіне байланысты дәрежесі бойынша.

3. Мәміленің нысаны. Ауызша және жазбаша мәмілелер. Жазбаша мәмілелердің түрлері. Мемлекеттік тіркеу.

4. Мәмілелердің жарамсыздығы. Дауланатын және маңызсыз мәмілелер. Мәмілені жарамсыз деп тану негіздері мен салдары.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Азаматша Анисова мен оның бұрынғы күйеуі өздерінің арасында жасасқан келісімді куәландыру үшін нотариусқа ба-рады. Ол келісім бойынша ажырасқан ерлі-зайыптылар кішкен- тай балаларын асырау жөнінде бір-біріне қандай да бір талап қоюдан өзара бас тартады, күйеуі ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлуге дәметпейді, ал әйелі балалар кәмелетке жеткенше жаңа некеге тұрмауды міндет етіп алады.

Нотариус бұл мәмілені куәландырудан бас тартады?

№ 2. Институтта ұзақ уақыт ғылыми аға қызметкер болып істеген Васильев, өмір бойы жинаған арнайы әдебиет кітапханасын институтқа сыйлайды. Өз сыйлығы туралы ол Институттың Ғылыми кеңесінде және де институттық көп тиражды басылымында жария етеді. Кітаптардың көп болуынан және оларды бірден тасымалдаудың қиынға соғуынан Васильев оларды кішкене партиялармен тасымалдайды. Барлық кітаптарды көшіріп үлгермей, Васильев қайтыс болады. Заң бойынша жалғыз мұрагері болып табылатын оның ұлы институт директорының қалған кітаптарды беруді сұрағанына жауап ретінде оның әкесі мен институт арасындағы шарт тиісті түрде жасалмағанына сілтей отырып, әкесінің бұрынырақ берген кітаптарының бәрін қайтару талабын қояды. Осы дау қарастырылып жатқан сотта институт кітапхана-шысы қол қойған және институт директоры бекіткен Васильевтің сыйға тартқан кітаптарын балансқа қабылдау актісін ұсынады.

Пайда болған дауды қалайша шешу қажет?

№ 3. Волковқа мұра бойынша «Жигули» автокөлігі өтеді. Өзінің досы Яковлевке бұрынғы көрсеткен қызметтерін ескере отырып, және автокөлікті айдай алмағандықтан, Волков Яковлевпен шарт жасасады. Ол шарт бойынша Волков автокөлікке құқық белгілейтін құжаттарды ала салысымен тез арада «Жигули» автокөлігін Яковлевке сыйлауды міндеттенеді. Шарт нотариуста куәландырылады. Яковлев автокөліктің профилактикалық жөндеу жұмыстарын бастайды және оның жөнделуіне біршама көп сома жұмсайды. Алайда тиісті құжаттарды алған соң Волков Яковлевке автокөлік сыйлаудан бас тартады. Яковлев автокөлікті беру жөніндегі талабымен сотқа арыз ұсынады.

Істі шешіңіздер.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері» Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдегі № 6 Нормативтік қаулысы.

3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 72-83).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 298-339).

5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 630-670).

6. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 45. Үлгі. Сборник судебных актов по недействительным сделкам / Под ред.: Мами К.А., Диденко А.Г. – Алматы: Раритет, 2016. (стр. 5-38).

№ 7 тақырып. Өкілдік және сенімхат. Азаматтық құқықтағы мерзімдер.

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Өкілдіктің түсінігі мен түрлері. Өкілдіктің пайда болу негіздері:

- заң күші бойынша;
- шарт негізінде;
- әкімшілік немесе корпоративтік акт күші негізінде;
- сот шешімі негізінде.

2. Сенімхат. Сенімхаттың жарамдылығына және оның жарамдылығын анықтауға арналған күндердің (күндердің) мағынасы. Сенімхаттың тоқтатылуы әрекеттері.

3. Азаматтық құқықтағы мерзімдердің түсінігі мен түрлері:

- азаматтық құқықтар мен міндеттерді орындауды жүзеге асыру мерзімдері;
- кепілдік шарттары;
- нақты терминдер;
- Шағым кезеңдері.

7. Ескіру мерзімдері: түсінігі, түрлері, оларды тоқтата тұру, талап қою мерзімінің өтуіндегі үзіліс және қалпына келтіру.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Ригада тұрып жатқан Столяров жанұясымен бірге Петербургқа көшіп келуді ұйғарады. Петербургта тұрғын үйді іздестіруге мүмкіндігі болмаған ол өзінің алыс туысы Петровпен келісілген соманың айналасында оның тұрғын үй сатып алу варианттарын іздестіруі жөнінде уағдаласады. Берілген тапсырманы орындау жағдайында Столяров Петровқа сатып алатын тұрғын үй құнының 2,5%-і мөлшерінде сыйақы төлеуді міндетке алады. Біраз уақыт өткен соң Петров таныстары арқылы Круглованың тиімді бағамен

сататын 3 бөлмелі пәтерін сатып алуға мүмкіндік барын біледі. Пәтерді көріп, Петров осы вариант Столяровтың көңілінен шығады деп шешеді. Круглова ойын өзгертеді деп күдіктенген Петров оны пәтерін тек Столяровка сататыны жөнінде жазбаша шарт жасасуға үгіттейді. Ниеттерінің шындығын растау үшін Петров өз қаражаты есебінен Кругловаға соманың жартысын төлейді, оны тараптар шартта кепілпұл деп атаған. Петров дереу Столяровпен хабарласады, бірақ соңғысы жағдайлардың өзгеруіне байланысты Ригадағы пәтерді керек етпейтінін айтады. Петровка қандай да бір сыйақы төлеуден не-месе оның шығындарын өтеуден Столяров бас тартады. Петров Кругловаға Столяровтың пәтерді сатып алудан бас тартқанын айтқанда, Круглова кепілпұл ретінде ақшаны қайтаруға ниеті жоқтығын, өйткені жасасқан шарттың кесірінен басқа сатып алушыларға пәтер сатудан бас тартқанын мәлімдейді. Петров Столяровпен де, Кругловамен де қарым-қатынастарындағы өзінің мүліктік құқықтарын қорғау жөнінде сұрақпен заң кеңесшісіне барады.

Петровка қандай кеңес берілуі тиіс?

№ 2. Сауда фирмасының агенті Васильев компьютерлерді жүзеге асыруда фирманың атынан акционерлік қоғамға төрт компьютерді жеткізуге шарт жасаған. Шартта көрсетілген мерзімде жеткізілмегендіктен, АҚ шартта көрсетілген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы Төрелік сотқа талап арыз жазады, фирмаға алдын ала төленген төлемдерді қайтаруды, сонымен қатар жасалған мәміледегі сомадан 0,3% Васильевке төленетін сыйақыны төлеуден де бас тартады. Фирманың ұстанымы бойынша Васильевпен компьютерлерді жеткізу шарты жарамсыз болып табылады, Васильев қалған барлық фирмалардың сауда агенті ретінде әлеуетті сатып алушыларды табу үшін және олармен келіссөздер өткізуге уәкілетті, бірақ ол қандайда бір шартқа қол қоймайды. Васильевке төленетін сыйақыға келетін болсақ, фирманың оған еш қатысы жоқ, өйткені сауда агенттеріне олардың әрқайсысының көмектерімен жасалған кезде комиссиялық сыйақыны өздері төлейді.

Сот мәжілісі барысында анықталғандай, біріншіден, Васильев кәсіпкер ретінде тіркелмеген, және екіншіден, Васильевге сәйкесінше АҚ үшін қажетті компьютерлерді нарықтық бағадан төмен іздеу тапсырылған, осы мәміле сомадан 0,3 % мөлшердегі сыйақыны төленетіні туралы АҚ-мен оның арасында шарт жасаған.

Дауды қалай шешу керек? Васильевті коммерциялық өкіл ретінде қарастыруға бола ма? Егер фирма бір компьютерді АҚ-ға дейін жеткізген болса, мәселенің шешілуі өзгереді ме?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 539-575).

3. Климкин С.И. Гражданское право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. Алматы: НИЦ КОУ. 2011. (стр. 84-99).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 340-369).

5. Гражданское право. Том I. Общая часть. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.719-757).

6. Сулейменов М.К. Гражданское право РК: опыт теоретического исследования. Том 2. Часть 2. Теоретическая. Раздел 1. Общие проблемы гражданского права. – Алматы, 2016. (стр. 383-427).

№ 8 тақырып. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың жалпы сипаттамасы

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Меншік құқығының түсінігі және оның экономикалық және заңдық мағынадағы мәні.

2. Меншік нысаны.

3. Иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі өкілеттігінің мазмұны.

4. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы және мүліктің кездейсоқ жойылу. Оқиға және бой бермейтін күш.

5. Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарына ие болу негіздері.

6. Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтарының тоқтатылу негіздері

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Сидоров ұзақ уақыт бойы тұрғын үй иесі болады: онда өмір сүреді, мүлікке салынатын салық пен сақтандыру жарналарын төлей отырып, жарты үйді саяжайшыларға жалға беріп тұрады. 1992 ж. Сидоров қайтыс болған соң, мұрагерлік құқықтарды анықтау кезінде, үйдің меншік иесі басқа азамат болып табылғаны анықталады. Бұраев соғыстан кейін дұрыс жасалмаған мәміле бойынша одан үйді сатып алған екен. Осыны негізге ала отырып, жылжымайтын мүліктер туралы мәмілелерді тіркеу кеңсесі мұрагерлерге үйдің иесі Сидоров екені жөнінде анықтама қағазын беруден бас тартады, ал нотариус оларға мұрагерлікке құқық жөнінде куәлік беруден бас тартады. Мұрагерлердің дәлелдері бойынша өз кезінде үйді иелену құқығы жасалынбаса да,

иелену мерзімі арқасында Сидоров осы үйдің меншікті иесі бола алады, сондықтан да үй мұра бойынша оларға берілуі тиіс.

Дауды шешу барысында иелену көнелігінің мерзімі өтті ме, әлде, жоқ па деген сұрақ туады. Иелену көнелігі бойынша меншік құқығын алу үшін қандай шарттар қажет?

№ 2. Огурцовтың фермерлік қожалығына бір сиыр қосылып алады. Сиырды асырай алмаған соң, фермер оны сойып алып, етін базарда сатады, ал терісін тері зауытында тері бұйымдарына ауыстырып алады.

Екі айдан соң сиырдың иесі табылады.

Ол кімге және қандай талаптар қоя алады?

№ 3. Қаржылық жалдау шарты бойынша (лизинг шарты) жалға беруші жалға алушыға сатушыдан жабдықтар сатып алды, тиісінше жалға берушіге қабылдау-тапсыру актісі бойынша берілді. Жалға берушінің кәсіпорынында белгісіз себептерден пайда болғанын өрттен жабдықтар жарамсыз болып қалады және қалпына келмейді.

Жабдықты жоюдың мүліктік зардаптарын кім көтереді?

№ 4. Кішігірім құрылыстың меншік иесі — Николаев, терезелер мен есіктерді қағып тастап, ұзақ уақыт жоқ болады. Аудандық әкімшілік үйді ашуға жарлық береді. Үйдің 75 пайыз бұзылғаны жөнінде акт жасалған соң үй тұрған жер учаскесі Константиновқа құрылыс үшін беріледі. Николаевтың үйі Константиновқа құрылыс материалы ретінде ақысыз беріледі.

Константинов жаз мезгілі ішінде үйді толығымен қалыпқа келтіріп, қайта жобалап, іргелі түрде жөндеп алады.

Күзде бұрынғы тұрғын орнына келген Николаев Константиновтан үйді оған қайтаруды талап етеді. Константинов Николаевқа аудан әкімшілігіне баруды ұсынады, ал ол жерде Николаевтың талабы оның ұзақ уақыт жоқ болуына байланысты негізсіз деп танылады.

Іс қандай тәртіпте және қалай шешілуі тиіс?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 4-63, 110-143).

3. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

4. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызындағы № 413-IV Заңы.

5. «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы.

6. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 370-385, 437-470).

7. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр.14-107, 213-252).

№ 9 тақырып. Ортақ меншік және өзгеде (шектелген) заттық құқықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Меншік құқығының түсінігі және оның экономикалық және заңдық мағынадағы мәні.

2. Меншік нысаны.

3. Иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі өкілеттігінің мазмұны.

4. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы және мүліктің кездейсоқ жойылу. Оқиға және бой бермейтін күш.

5. Меншік құқығына және өзге де заттық құқықтарына ие болу негіздері.

6. Меншік құқығының және өзге де заттық құқықтарының тоқтатылу негіздері

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Кәмелетке толған және ата-анасынан бөлек тұрып жатқан төрт балаға олардың ата-анасы қайтыс болған соң мұра бойынша тұрғын үй өтеді. Мұрагердің үшеуі үйді сатып, түсірген пайдасын үлестер бойынша бөліп алғысы келеді. Мұрагерлердің біреуі үйді сатуға келісім бермейді, үйдегі өз үлесін тұрғын орын ретінде пайдаланғысы келетінін мәлімдейді. Мұрагерлер арасында келісім болмағандықтан, олардың үшеуі үйді сатуға қарсы болған мұрагерге үйді сатуға кедергі жасамауы туралы талап арызын береді. Өздерінің талаптарын олар үйді толығымен сатқанда оның нарықтық құны әп-сәтте жоғарылайтынымен түсіндіреді.

Істі шешіңіздер.

№ 2. Ағайынды, Петр мен Андрей, мұра бойынша тұрғын үй алады. Ағайындылар арасындағы келісім бойынша Петр жанұясымен бірге оңтүстік жаққа қарайтын үш бөлмені пайдаланады, ал әлі некеге тұрмаған Андрей, терезелері солтүстікке қараған екі бөлмені алады. Үйдің ас бөлмесі ортақ болады. Андрей, Солтүстікке кетпекші болады

да, өзіне бөлінген үйдің бөлігін сатып алатын адамды табады. Алайда, Петр үйдің бір бөлігін бөтен адамға сатуға рұқсат етпейтінін мәлімдейді. Бұнда ол ағайындылар арасында үйді пайдалану тәртібі жөнінде тек ауызша келісім болғанын және үйді түпкілікті қайта жоспарлаусыз қазіргі күйінде мүлдем бөлуге болмайтынын айтады. Сонымен қатар, Андрейге тиісті үйдің бөлігін сатып алудан Петр бас тартады, өйткені ол үшін қаржысы жоқ болады, ал үш бөлме оған және жанұясына тіпті жетіп тұр. Нотариус сауда-саттық шартты куәландырудан бас тартады да, ағайындыларға дауды шешу үшін сотқа баруды ұсынады.

Тараптардың қатынасына талдау жасаңыз да, істі шешіңіз.

№ 3. Ивановқа үй салу үшін жер учаскесі беріледі. Үйдің құрылысына Ивановтан басқа, оның әйелі мен дербес еңбекақы алатын кәметке толған екі баласы қатысады. Құрылыс біткен соң меншік иесі ретінде Иванов тіркеледі.

Бірнеше жыл өткен соң Ивановтар арасында неке бұзылады, содан соң мүлік бөлісу жөнінде сотта дау туады. Ивановтың талабы бойынша үй тек өзі мен оның әйелі арасында бөлінуі тиіс. Іске дербес талаптарымен Ивановтардың ұлдары араласады, олар әрқайсысына үйдің меншік құқығындағы өз үлестерін бөлінуін талап етеді, өйткені олар үй салуға өз күші мен қар-жысын қосқан болатын, ал басқа тұрғын орны жоқ. Анасы ұлдарының талабы жөн деп таниды, әкесі оларға қарсы болады.

Іске қатысуға жергілікті басқару органы шақырылады, ол Ивановтардың ұлдарының талаптарына қарсы болады. Өз қарсылығын ол үйдің жақын арада бұзылатынымен түсіндіреді. Үйдің бөлігіне меншік құқығы тек Иванов пен оның әйеліне беріліп қана қоймай, олардың екі ұлына да берілген жағдайда бәріне бөлек бір-бір пәтерден беруге тура келеді.

Істі шешіңіз.

№ 4. Ерлі-зайыптылар Козловтар бірнеше жыл некеде тұрады. Козлова бизнеспен айналысады, Кеңесов жұмысынан айрылып, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алып тұрады. Козлова күйеуіне некеде тұру кезеңі кезінде жиған-терген мүліктерін бөлісу тәртібі бекітілген контракт жасасуды ұсынады. Егер де ондай контракт жасалса да, ол заңды күшке ие болмайды деп мәлімдейді Козлов. Ерлі-зайыптылар келісімге келе алмаған соң, олар заң кеңесшісіне барады.

Оларға қандай жауап берілуі тиіс?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

3. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 63-110).

3. «Тұрғын үй қатынастары туралы» а Қазақстан Республикасының 1997жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы.

4. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 486- V ҚРЗ.

5. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

6. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурызындағы № 413-IV Заңы.

7. «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы.

8. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 386-436).

9. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 108-213).

№ 10 тақырып. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Заңнаманың әртүрлі салалары бойынша меншік құқықтарды қорғау тәсілдерінің жалпы сипаттамасы.

2. Қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдері:

- міндеттемелік-құқықтық;
- заттық-құқықтық;
- мемлекеттік басқару органдардарына талап;
- өзге де тәсілдері.

3. Меншік құқығын қорғаудың заттық-құқықтық тәсілдері:

- меншік құқығын тану туралы талап;
- виндикациялық талап;
- негаторлық талап.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Дегтярев көп жылдар бойы скрипкада ойнаумен айналысатын. Ұзақ жұмыс сапарына кетіп бара жатып, ол өзінің досы Астафьевқа скрипканы сақтауға қалдырып кетеді, скрипка ұрланады.

Ақырында Дегтярев скрипканы кездейсоқ жағдайда таныс әуеншіден байқап қалады, ол скрипканы бейтаныс азаматтан сатып алған болатын. Скрипканы сатып алушы оны Дегтяревқа қайтарудан бас тартады. Сонда Дегтярев оған скрипканы қайтару жөнінде талап арызын береді. Жауапкер талапты мойындамайды, ол өз алдына Дегтяревтың скрипка иесі болмағанын мәлімдейді. Революцияға дейін скрипка шет елге қоныс аударған дәулетті меценаттың иелігінде болған. Оның бүкіл мүлігі тоналады. Скрипканы иеленудің заңды екенін Дегтярев дәлелдеп бермейінше, ол оған қайтарылмайды. Скрипканың мұражайлық құндылығы барын ескере отырып, скрипканың құны өтелген жағдайда жауапкер оны мемлекеттік скрипка қорына өткізуге келісімін береді.

Істі шешіңіздер.

№ 2. Кирпичников мұрагерлік бойынша күрделі жөндеуді қажет ететін тұрғын үйге ие болады. Кирпичников күрделі жөндеу жүргізіп, үйді қайта жобалайды да оған екі үй алды бастырмасын жалғап салады (жазғы және қысқы), үйге бұмен жылытуды орнатады.

Жұмыстар аяқталған соң көп ұзамай Морозов Кирпичниковке үйге меншік құқығын тану және оны үйден шығару талабын қояды. Өз талабына дәлел ретінде Морозов өз кезінде қылмысты іске заңсыз тартылғанын және мүлігі, соның ішінде үйі де тәркеленіп сотталғанын көрсетеді. Оның жоқ болған кезеңінде билігіне үй берілген жергілікті басқару органы оны Кирпичниковтің әкесіне сатып жібереді. Қазіргі уақытта Морозов толығымен ақталып шығады және үйге қоныстануды қалайды.

Кирпичников талапқа қарсы болады. Ол бала кезінен осы үйде тұрып жатқанын, үйді мұра бойынша алғанын, оның жөнделуі мен жабдықталуына өзінің барлық қаражатын жұмсағанын және басқа тұратын орны жоғын сотқа түсіндіріп айтады. Морозовқа қатысты, оның ақталған адам ретінде мемлекеттен пәтер алғандығын, ал үйдің оған керегі жоқтығын айтады. Пәтерді Морозов жекешелендіріп алған.

Тараптар дәйектерін талдап, істі шешіңіз № 3. Ерлі-зайыпты Васильевтар некеде тұрған кезінде автокөлік сатып алады. Васильева некені бұзу және жалпы мүлікті, оның ішінде автокөлікті бөлісу жөнінде Васильевқа талап қояды. Содан соң талапкер талапты қамтамасыз ету үшін сот тәртібімен автокөлікті босқа тұлғаларға сатуға тиым салдырады. Алайда талапты қамтамасыз ету жөніндегі сот ұйғарымы орындалмайды, өйткені Васильевамен келісімі бойынша автокөліктің Васильевта болуын пайдаланып, ол оны Андреевқа сатып үлгереді.

Содан барып Васильева Васильев пен Андреевтың сату-сатып алу шартын жарамсыз деп тану жөнінде және Андреевтан көлікті еріксіз алу

туралы талап қояды. Талабына негіз етіп ол автокөліктің ортақ бірлескен меншік құқығы бойынша оның және жауапкер Васильевтің иелігінде екенін, сондықтан да соңғысы көлікті оның келісімінсіз сата алмайтынын айтады.

Андреев талапқа келесі негіздер бойынша қарсы болады: біріншіден, автокөлікті сатып аларда ол оның меншік иесі тек Васильев деп ойлайды, екіншіден, көлікке ие болу кезінде оны жөндеуге шығындар кетеді, сол шығындар көлікті еріксіз алған жағдайда қалай да болмасын өтелуі тиіс.

Сот Андреевты көлікті қайтарып беруге, ал Васильевты Андреевтың ақшасын қайтарып беруге міндеттеп, Васильеваның талабын орындайды. Бірақ көлікті жөндеу шығындары Андреевқа өтелмейді. Соттың шешімі дұрыс па?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 144-151).

3. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңы.

4. «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 5 Нормативтік қаулысы.

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 471-488).

6. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 253-275).

№ 11 тақырып. Міндеттеме туралы жалпы ережелер

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Міндеттеме түсінігі. Салыстырмалы құқықтық қатынастардың абсолюттіктен айырмашылығы.

2. Олардың пайда болу себептері бойынша міндеттемелердің түрлеріне қысқаша сипаттама.

3. Міндеттеменің тараптары.
4. Міндеттемедегі тұлғалардың ауысуы.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Цемент зауыты тауар жеткізілімі шарты бойынша осы жылдың екінші тоқсанында құрылыс трестінің атына 100 вагон цемент жіберуі тиіс еді. Іс жүзінде 80 вагон жүктеліп жіберіледі. Құрылыс тресті өнімнің жетіксіз жібергені үшін зауытқа айып төлетіп, жеткізілмеген жүктің шығынын толықтыруды талап етеді. зауыт жіберген қатесі үшін айып төлеу түрінде жаза тартқанын негізге ала отырып, трест талабынан бас тартады.

Зауыттың талаптан бас тартуға негізі бар ма?

№ 2. Көтергіш-көлік жабдығы зауыты жасасқан шартқа сәйкес портқа келесі жылдың бірінші тоқсанда порттық кран жеткізіп беруге міндетті еді. Бірақ басқа сатып алушылардың бас тарту себебінен осы жылы-ақ кранды жеткізіп беру мүмкіндігі туады. Кранның тездетіп жеткізілуіне порт мүдделі шығар деген оймен зауыт оны жедел тиеп жібергеннен соң төлем ақысын өтеуді сұрайды. Порт, кранды алып, ақысын төлеп, оны орнықтыру жұмыстарына кіріседі, сонымен қатар кранды зауытқа мезгілден бұрын жеткізгені үшін айып төлеуді талап етеді.

Талап қанағаттандырыларлық па?

№ 3. Апаттың салдарынан коммерциялық дүңгіршек бүлінген. Дүңгіршектің меншік иесі автокөлік иесі Савельевтен залалдың орнын толтыруды талап етті. Савельев дүңгіршекті қалпына келтірге уәде етті, және оның иесі - Петровка тиісінше қолхат берді. Біраз уақыт өткен соң, Петров, дүңгіршекті меншік иесі деп тану бойынша құжаттарды тексерген кезде, қолданыстағы сақтандыру полисін тауып алады, тиісінше дүңгіршек үшінші тұлғалардың әрекеттерінен сақтандырылған. Сақтандыру компаниясы сақтандыру өтемақыны төлейді де және Петровка төленген заладың орнын толтырған соманы Савельевтен талап етеді.

Савельев төлеуден бас тартады, Петров екеулерінің арасында келісімнің бар екенін, онда Савельев дүңгіршекті жөндеу үшін емес, дүңгіршекті қалпына келтіретініне сілтеме жасайды, Ол оның үстіне құрылыс материалдарын сатып ала бастады және қажетті жұмыстарды жүргізуге ниет білдірді.

Сақтандыру компаниясы Савельевке талаппен сотқа жүгінді. Савельевке Петровта талап қойып отыр, оның пікірінше, сақтандыру компаниясы оған төленген сомасы дүңгіршекті толық қалпына келтіру үшін жеткіліксіз болғанын және мәжбүрлі үзілістен туындаған шығындар мен жойылған тауарлар үшін өтемақыны талап етті.

Істі шешіңіз.

№ 4. Сатып алған пәтерінің толық бағасын төлеуге мүмкіндігі болмай, Воробьев сатушымен - Прокофьевпен - төлемді алты айға кейін қалдыру жөнінде келіседі. Прокофьев кейінге қалдыруға келісімін бере отырып, Воробьевке ол үшін оның туысқаны Тихоноваға кепіл болсын деген талап қояды, оны Прокофьев адал және жауапты адам ретінде білетін.

Тихонова Воробьев үшін кепіл болуға келіседі, бірақ шартқа қол қойып отырып, қарыздың жартысын қайтаруға кепіл болатынын ескертеді. Қарыздың қалған бөлігіне Воробьевтің басқа туысы Тугиева кепіл болсын деп кеңесін береді, Тугиева оған келіседі.

Белгіленген мерзімде Воробьев қарызын өтемейді және жанұсындағы қиыншылықтарға байланысты жарты жылға дейін пәтер үшін төлем жасай алмайтынын Прокофьевқа хабарлайды. Бірақ ол мерзім өткен соң да ол Прокофьевқа ақшасын төлемейді.

Прокофьев Тихоноваға талап арыз ұсынады және оның Воробьев міндетін орындайтынына кепіл болғанына сілтей отырып, одан қарыздың бүкіл сомасын төлеуді талап етеді. Тихонова талапқа қарсы болады, ол міндеттеменің жартысының орындалуына кепіл болғанын, оның үстіне, қарызды 6 ай ішінде өтеу қажет болғанын көрсетеді. Сол кезеңде оның Воробьев үшін төлем жасауға мүмкіндігі болатын, қазір ол жұмыс істемейді, соған байланысты ондай мүмкіндігі енді жоқ екенін айтады.

Дауды шешіңіздер.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 152-199).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 489-532).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 276-318).

№ 12 тақырыптар. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері.

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Тұрақсыздық айыбы, оның түрлері.
2. Кепіл және оның түрлері.
3. Мүлікті ұстап қалу.
4. Кепілдік және кепіл болушылық.
5. Кепілпұл, кепілдік жарна және міндеттемелерді қамтамасыз етудің басқа да тәсілдері.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. «Ситалл» фирмасы, тапсырыс беруші - ауылшаруашылық өнімін өңдеу комбинаты - тапсырыстың толық сомасына банк кепілдігін беретін болса, құрылыс бойынша жұмыстар жүргізуге келіседі. Комбинат банк кепілдігін алады, бірақ құрылыстық мердігерлік шартына қол қюдан бас тартады, ол банктен алған қаржыны өзінің күнделікті қажеттіліктеріне жұмсауды ұйғарады.

Банктің кепілдікке қол қоюынан кейін Комбинат оған кепілдік сомасын Комбинаттың есеп шотына аударуды сұрап хат жібереді. Банк ондай талапты банкке тек мердігер - «Ситалл» фирмасы Комбинаттың орындалған жұмыстардың ақысын төле-меген жағдайында ғана қоя алады деген оймен одан бас тартады. Екінші хатында банк кепілдігі негізінде несие беру кепілдігі болып табылатынын, Комбинат оны өтеуге міндеттеме алатынын көрсете отырып, Комбинат талабынан қайтпайды. Ақшаның іс жүзінде қайда - құрылыстың төлеміне не шикізат сатып алуға - кететінін банктің білуі қажет емес деп санайды.

Бұл дайда кімдікі дұрыс?

№ 2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен құрылыс фирмасы арасында шарт жасалады, ол шарт бойынша құрылыс фирмасы Серіктестіктің кеңсесін жөндеуге, ал ол барлық қажетті материалдарды жеткізіп, жөндеу жұмыстарының ақысын төлеуге міндетті болады. Жұмысты 1 маусымнан бастап бір айда аяқтау қажет. Құрылысшылар өз уақытында жұмыстарды орындауға кіріседі, бірақ 15-маусымнан бастап барлық жұмыс-тарды тоқтатады, өйткені жүргізілген жұмыстардың ақысын төлеу үшін Серіктестіктің қаржысы жоқ екендігі анықталады. Оның үстіне, Серіктестік қажетті материалдарды жеткізіп бере алмай, құрылыс фирмасының материалдарын пайдаланып, жұмыстарды белгіленген мерзімде орындауды талап етеді. Аталған талапты фирма орындаудан бас тартады. Сонда Серіктестік шартты бұзатынын жариялап, жұмыстарды аяқтау үшін басқа ұйымды шақырады, ал шығындарды өтеуді мердігерге жүктейді.

Серіктестіктің әрекеттері заңға сәйкес пе?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 Заңы.

3. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы № 254 Заңы.

4. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 200-291).

5. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 533-598).

6. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 319-414).

Тема № 13. Міндеттемені тоқтату

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Міндеттемені тоқтату негіздерінің жалпы сипаттамасы.
2. Міндеттемені тоқтату негіздері:
 - орындау, тиісінші орындау ұғымы;
 - Бас тарту төлемі, өтем төлеу және залаладың орнын төлеу бойынша айырмашылықтар;
 - есепке жатқызу, есепке жатқызу негіздері, есепке жатқызуды пайдалану мүмкін болмаған жағдайлар;
 - борышкер мен несие берушінің бір тұлға болуының сәйкестігі;
 - жаңғыртылу;
 - Борышты кешіру, сыйға тартудың ;ара қатынасы
 - орындаудың мүмкін еместігі;
 - мемлекеттік орган актісін жариялау;
 - азаматтың қайтыс болуы және заңды тұлғаны тарату міндеттемені тоқтатудың негізі ретінде; азаматтың қайтыс болуы міндеттеменің тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын жағдайлар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Грачев Беловтың пәтеріндегі ас бөлмесін 5 күн ішінде жөндеп беретіні туралы Беловпен келіседі. Алайда, Грачев, одан да тиімді тапсырыс алып, көрсетілген мерзімде ас бөлмесін жөндеуге кіріспейді. Беловты кездестіріп қалып, Грачев оған болған жағдайды түсіндіріп, одан жөндеу жұмыстарына даярлап қойған бояуды, лакты, тақтайшаларды және ыдыс жуатын раковинаны ақысыз алып кетуін

ұсынады да содан кейін олардың мердігерлік шарт бойынша катынастары аяқталды деп санайды.

Белов Грачев ұсынған заттардың бәрін алып кетеді. Бірақ біраз уақыттан соң ол мердігер таппай, Грачевтан бастапқыда келісілген сыйақы үшін мердігерлік жұмыстарын орын-дауды талап етеді. Грачев талапты қабылдамайды, оның ойынша, олар шарттың қысқартылуы туралы келіскен болатын және бас тарту төлемі ретінде ол Беловқа аталған материалдарды берген болатын.

Бұл дауда кімдікі дұрыс?

№ 2. «Ударник моря» АҚ танымал суретшімен қоғамның кейбір қызметкерлерінің портреттерін жазу туралы келісімшартқа қол қойып, оларға сыйлау мақсатында «Балықшылар күні» мерекесіне тапсырды.

Суретші эскиздерді жаздырып, автокөлік апатына ұшырады, соның салдарынан ол өз кәсіби қабілетін жоғалтты және АҚ-нан жасалған жұмыстардың құнын төлеуді талап етті. АҚ жұмысының аяқталмай жатқандығын ескере отырып, ақы төлеуден бас тартты. Суретші сотқа талап-арыз берді.

Азаматтық заңмен белгіленген міндеттемені тоқтатудың негізі мен тәсілдері қандай? Бұл келісімді қандай шарттармен байланыстыруға болады? Талабы негізделген бе?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 360-373).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 599-611).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 440-449).

№ 14 тақырып. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін азаматтық-құқықтық жауаптылық

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Залалдардың орнын толтыру. Залал мен айып төлеудің ара қатынасы.

2. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылықтың негіздері.

3. Міндеттемедегі тараптардың мерзімді өткізіп алуы.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шаяын кейстер)

№ 1. Машина жасау зауыты мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік тапсырыс берушіге (сатып алушыға) дайын өнімнің (кофетегістеуіштер) партиясын жіберді. Оны қабылдаған кезде, ол тиісті талаптарға жауап бермейтіндігі анықталды, тиісінше бұл туралы акт жасалды.

Тапсырыс беруші зауыттан: а) жарамсыз өнімдерге төленген сомалардың қайтарылуын; б) оларды сақтауға байланысты шығыстарды төлеу; в) өнімді қайтаруға байланысты көлік шығындарын төлеу; г) сапасыз өнімдерді жеткізуге айыппұл салуды талап етті.

Орындаушы тапсырыс берушінің барлық талаптарын қабылдамады және тапсырыс беруші өнімнің қайтарылуына асығыс болғанын түсіндірді, себебі ол (өндіруші) өнімнің ақауларын жөндеуден немесе оларды сатып алушының өзі ақауларды жоюға байланысты шығындарды қайтару арқылы ақысыз жоюы мүмкін екенін айтып түсіндірді.

Келтірілген залал дегеніміз не? Қолданыстағы азаматтық құқықта көрсеткен залалдың қандай түрі? Шығыстар мен залал арасындағы қатынас қандай? Шығындарға қандай шығыстар кіреді? Тараптардың қарсылықтары мен талаптары негізделген бе?

№ 2. Т.П. Молчанова шашты кесуге шешім қабылдады. Осы мақсатта ол өзінің N қалашығында шаштараздардың біріне барды. Шашты қысқарту барысында оның құлағын жаралады. Жарақат соншалықты ауыр болды, бұл қан кетуді шаштараздардың 20 минут тоқтата алмады. Т.П. Молчанова қалалық аурухананың жарақаттар орталығына жеткізілді. Онда оған көмек көрсетілді және құлаққалқанға жарақат алғаны туралы анықтама берілді.

Екі аптадан астам Т.П. Молчанов бинт таңғышымен жүрді. Сосын ол таңғышты шешеті, бірақ тыртық қалып қойды.

Т.П. Молчанова шаштаразды кешірмеді және шаштаразды сотқа берді, жауапкерден 16 миллион 800 мың теңге көлемінде моральдық нұқсанды өтеуді талап етті.

Моральдық нұқсан дегеніміз не? Моральдық нұқсанды өтеу туралы талап қою тәртібі қандай? Моральдық нұқсанды өндіру мөлшерін төлеуді қалай және кім анықтайды? Сот қандай шешім қабылдауы керек?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 333-373).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 612-655).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 415-449).

№ 15 тақырып. Шарт туралы жалпы ережелер

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. ҚР Азаматтық кодекстің жалпы бөліміндегі шарттың ұғымы мен түрлері.

2. Шарттың ережелері. Шарт және заңнама.

3. Шарт еркіндігінің қағидалары.

4. Шарттың өзгертілуі мен тоқтатылуы.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Решетников өзінің «IBM» компьютерін өзінің досы Колбасовқа демалыс уақытында сақтауға берді. Демалыстан оралған Решетников компьютерін алып кетуге Колбасовқа келді. Оны тексерген кезде, компьютердің қатты дискісінде жазылған барлық ақпараттың жойылғаны анықталды. Колбасов Решетниковқа компьютердің иесі жазған DOOM компьютерлік ойындарында бірнеше рет ойнағанын айтты. Решетников оған келтірілген нақты зиянды өтеуді, сондай-ақ жоғалған коммерциялық ақпараттарды пайдалану мүмкін еместігінен байланысты, пайданың жоғалуына қатысты зиянды да талап етті. Колбасов бұдан бас тартты және өз кезегінде нарықтық құнының 10% мөлшерінде сақтау үшін оған ақы төлеуді ұсынды. Решетников Колбасовтың ұсынысымен келіспеді, себебі олар сақтау шартын жасамағанын, алайда Колбасов оған достық қызмет көрсеткенін және оған ешқандай төлем төленбейтінін айтты. Келісімге қол жеткізбеген тараптар кеңес алу үшін қорғаушыға барады.

Қорғаушы қандай кеңес беруі керек? Решетников пен Колбасов арасындағы келісімді азаматтық-құқықтық шарт деп қарастыру мүмкін бе? Шарттағы ақылыны қалай түсінуге болады? Шарттың базасы қалай анықталады?

№ 2. Симонов поштадан осы жылы басылымға дайындалатын кітаптардың тізімін қамтитын, тиісті баспа деректердің басылымдар мен бағаларын көрсететін каталог алады. Екі қымбат суреттелген альбомды таңдаған Симонов баспагерге өзінің ұнаған кітаптарының реквизиттері

бар ашықхатты жіберді. Үш ай өткеннен кейін ол қолма-қол ақшаны төлеу арқылы басылымдарды алу туралы хабарлама алды. Пошта бөлімінде ол тапсырыс берген альбомдардың құны каталогтағы бағадан екі есеге көбейгенін анықтады. Сидоров альбомдарды сатып алды. Үйінде ол альбомдардың полиграфиялық көрсеткіштері каталогта көрсетілгеннен әлдеқайда нашар екенін анықтады, ал альбомдардың басылған көлемі жоспарланғаннан аз. Симонов баспа үйіне келіп, шартты бұзып, оған төленген ақшаны қайтаруды ұсынды. Баспа үйі екі ай бұрын бұйрықтың жаңа мерзімдері Симоновқа жіберілгенін айтып, келісімшартты бұзудан бас тартты және ол тапсырысты кері қайтару туралы баспа үйіне хабар бермеді.

Бұл жағдайда кімдікі дұрыс? Ұсыныс және жария ұсыныс жасау туралы шақырудың арасындағы қандай айырмашылық бар?

№ 3. «Силикон» АҚ «№ 38 зауыты» АҚ-мен жарылғыш заттарды өндіруге арналған химиялық реактивті тауар жеткізілімі шарт жасасты. Бір айдан кейін жекешелендіру кезінде зауыттың бақылау пакеті жаңа меншік иесіне сатылды, ол уақытында кәсіпорынды қайта қарауды және жарылғыш заттар өндірісін жабуды шешті. Сонымен қатар, зауыт «Силикон» АҚ-дағы жағдайлардың күрт өзгеруіне (өнімнің жабылуы) байланысты келісімшартты бұзуды ұсынды. Жеткізуші сатып алушының аргументтерімен келіспеді, өйткені бұл олардың өздерінің іс-әрекеттерінің салдарынан туындап отырғанын және шарттың нақты орындалуын немесе оның шығындарын өтеуді талап етті. Зауыт тауар жеткізілімі туралы келісімшартты тоқтату туралы сотқа жүгінді.

Сот қандай шешім қабылдауы керек? Жағдайлардың елеулі өзгеруіне негізделген келісімшартты бұзудың талаптары мен тәртібі қандай?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданды.

2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. – 3-е изд., испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007. (стр. 374-423).

3. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 656-712).

4. Гражданское право. Том 2. Вещное право. Обязательственное право. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2013. (стр. 450-475).

IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі

№ 1 тақырып. Азаматтық құқықтың ұғымы, пәні, әдісі, жүйесі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері

2. Ситуациялық есептер (кейстер / кіші кейстер)

№ 1. Сұрақ бойынша құқықтық пікір дайындау: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы Азаматтық кодекстің нормаларына түзету жасай алады ма?

№ 2 тақырып. Азаматтық құқықтықатынас. Азаматтық құқықты жүзеге асыру және қорғау.

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Галкин өзінің кемтарлығынана,— яғни, соқыр болу себебінен пәтер бойынша көршісі Антоновты Галкинның атынан шартқа қол қоюын сұрайды, ол шарт бойынша ол Григорьев тан 5000 мың теңге қарыз алады. Шартта қарастырылған мерзім өткен соң Григорьев қарыз сомасын қайтаруды талап етеді. Галкин жағдайының жоқтығына сілтеп, бұл талапты орындаудан бас тартады. Сот мәжілісінде Антоновтың қойған қолын ешкім куәлан-дырмағаны, ал оның өзі бұл қаладан мүлдем кетіп қалғаны анық-талады. Қарыз шартының тәртібі сақталмағанын көрсете отырып, Галкин талап арызды мойындамайды, бірақ ақшаны алғанынан бас тартпай, оны реті келгенде қайтарып беруге уәде береді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс?

№ 2. Некеде тұрған кезінде Леонтьева мен Максимов бірлесіп үй сатып алды. Кейіннен олардың арасындағы неке тоқтатылып, Леонтьева Максимовқа үйді бөлу туралы сотқа талап арыз берді. Іс бойынша сараптама тағайындалды. Сараптама қорытындысы бойынша даулы үйді техникалық себептермен бөлуге болмайтынын айтады. Панель құрылымының үйі екі бөлікке бөлінгенде, есіктер үшін қалқандардағы тесіктерді кесіп тастау қажет, бұл үйдің барлық құрылысын әлсіретеді.

Сот ісін қарау барысында Леонтьева ауыр науқас қызымен тұратынын және бұл Максимовпен ортақ қызы екені мәлім болады, ал Максимов тұрғын үйді пайдаланбайтынын және басқа тұрғын үймен қамтамасыз етілгенін анықталды.

Істі шешіңіз.

№ 3 тақырып. Азаматтар азаматтық құқықтың субъектілері ретінде

2. Ситуациялық есептер (кейстер / шағын кейстер)

№ 1. Геологиялық экспедиция мүшесі Голубев Находкадан Сахалинге қарай теплоходпен жүріп келе жатты. Жапон теңізінде

